

Шымкент қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Шымкент қаласы мәслихатының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 14/120-VIII шешімі. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2024 жылғы 27 наурызда № 203-17 болып тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы № 32/296-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 26.12.2025 № 32/296-VIII шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Шымкент қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шымкент қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салықтық кезеңде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4% - дан 2% - ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Шымкент қаласы
мәслихатының төрағасы*

Б. Нарымбетов